

Лудомания ғасыр дерті

Лудомания - бүгінгі заманның ауыр кеселдерінің бірі. Мамандар мұның алғашында адамға айтарлықтай байқалмайтынын, яғни адамның өзі бастапқыда ойынқұмарлықты қалыпты жайт деп қабылдайтынын айтады. Ал кейде бәрін түсінген кезде кеш болып жатады.

Психологтар "адам тіпті уақытында тоқтауды білмей қалады, лудоманияны өз бетінше жеңу қиын", - дейді. Бұл тұста мемлекет лудоманиямен күрес шараларына баса мән береді. Сол үшін өңірлерде жауапты органдар жастар арасындағы ойынқұмарлықтың алдын алу үшін бірқатар шара өткізіп жатыр.

